



Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу және кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2026 жылғы 10 тамыздағы № 766 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 10 тамызда № 39555 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 25.08.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Мәжбүрлеп орындату комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2026 жылғы 25 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі

Е. Сарсембаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2026 жылғы 10 тамыздағы
№ 766 бұйрығымен
бекітілген

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Жеке сот орындаушыларының есептік тіркеу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 7

наурыздағы № 98 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9258 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 167-бабының 11) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке сот орындаушыларының есептік тіркеу қағидасында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жеке сот орындаушыларының есептік тіркеу қағидасы (бұдан әрі - Қағида) "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 167-бабының 11) тармақшасына сәйкес әзірленді және жеке сот орындаушыларының есептік тіркеу тәртібін айқындайды.";

3-тармақтың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) кеңсе үшін қызметтік үй-жайдың бар болуын растайтын құжаттың көшірмесі (жалға беру, сатып алу-сату шарты немесе үй-жайды пайдалануға құқықты растайтын өзге де құжат);

3) жеке сот орындаушысының кәсіби жауапкершілігін сақтандыру шартының көшірмесі.";

5 және 6-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Кітап аумақтық органда қағаз жеткізгіште және цифрлық форматта жүргізіледі.

Кітаптағы парақтар байланады, нөмірленеді және аумақтық органның мөрімен бекітіледі.

Кітапқа енгізілетін мәліметтердің толықтығы, дұрыстығы және уақыттылығы, сондай-ақ сақталуы аумақтық органның бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен айқындалған аумақтық органның қызметкеріне жүктеледі.

6. Жеке сот орындаушысы тегі, аты, әкесінің аты не оның кеңсесінің орналасқан жері өзгерген жағдайда аумақтық органға тиісті өзгерістер туындаған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде осы өзгерістер туралы мәліметтерді ұсынады.

Бұл ретте жеке сот орындаушысы өзінің тегі, аты, әкесінің аты не оның кеңсесінің орналасқан жері өзгергені туралы ақпаратына тиісті өзгерістерді растайтын құжаттардың көшірмелерін аумақтық органға ұсынады."

2. "Жеке сот орындаушысының қызметтік үй-жайының орналасқан жеріне және жабдықталуына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 15 қарашадағы № 1433 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16030 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 167-бабының 11) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке сот орындаушысының қызметтік үй-жайының орналасқан жеріне және оны жабдықтауға қойылатын талаптарда:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жеке сот орындаушысының кеңсесі - жеке сот орындаушысының өз қызметін жүзеге асыратын тұрақты орын болып саналатын қызметтік үй-жайы.

Жеке сот орындаушысының кеңсесі ол қызметін жүзеге асыратын атқарушы округтің аумағында орналасуы тиіс.

Жеке сот орындаушысының қызметі үшін Республикалық жеке сот орындаушыларының палатасы (бұдан әрі-Республикалық палата) белгілеген атқару округінің аумағында орналасады.

Жеке сот орындаушысының қызметтік үй-жайы жеке сот орындаушысының меншігінде болады не шарт бойынша оның иелігіне және пайдалануына беріледі.";

5, 6, 7, 8 және 9-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қызметтік үй-жайдың орналасқан жері өзгерген жағдайда жеке сот орындаушысы бұл туралы қызметті жүзеге асыру орны бойынша аумақтық әділет органына, өңірлік және Республикалық палаталарға өзгерген кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлайды.";

6. Қызметтік үй-жай жеке сот орындаушысына атқарушылық әрекеттер жасауға жүгіну үшін адамдардың еркін кіріп-шығуы қамтамасыз етілетін ғимаратта орналасады

7. Ғимаратқа кіреберісте стационарлық маңдайшада жеке сот орындаушысы ғимаратта қызметтік үй-жайдың болуы және оның жұмыс режимі туралы ақпаратты орналастырады.

8. Қызметтік үй-жай стационарлық телефон байланысымен жабдықталады, сондай-ақ интернет- байланыспен қамтамасыз етіледі (деректерді беру жылдамдығы 100 Мбит/с кем емес).

9. Қызметтік үй-жайдағы кабинеттердің (залдардың) саны, олардың функционалдық мақсаты, орналасуы мен мөлшерін жеке сот орындаушысы мынадай факторларды ескере отырып, дербес айқындайды:

жеке сот орындаушысы қабылдау жүргізетін кабинет басқа үй-жайлардан оқшауланады және табиғи және жасанды жарығы болады;

қабылдауды күтуге арналған үй-жайдың (залдың) жарықтандырылуы, сондай-ақ, келушілерді орналастыру үшін кеңсе жиһазымен жабдықталады сондай-ақ, жеке сот орындаушысы орналасқан үй-жайдан тыс жерде болуы және оған жақын орналасуы мүмкін (ортақ зал, ортақ дәліз, ортақ холл, фойе).

Қабылдауды күтуге арналған үй-жайда іс жүргізу құжаттарының жобаларын, олардың көшірмелерін дайындау жөніндегі қызметті жүргізуге, сондай-ақ мұрағаттың болуына жол берілмейді."

3. "Атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 69 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20836 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаты, психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтарының (ауруларының) себебі бойынша психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрғандығы/тұрмағандығы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық Үкімет" шлюзі арқылы алады.

Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына аттестаттаудан өту үшін мүгедектігі бар адамдарға (көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған) "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) бекітілген мүгедектікті белгілеу туралы мәліметті өтініштерді беруді қабылдаудың бағдарламалық жасақтамасына жүктейді және көру, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектігі бар адамдар үшін атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласында қызмет атқармайтын көмекшіні ұсыну қажет екенін қосымша көрсетеді.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түскен уақыттан бастап бір жұмыс күні ішінде оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.";

"Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына 1-қосымша осы тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидаларында:

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Лицензияны беруден бас тарту, егер:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;

2) лицензиялық алым енгізілмеген;

3) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;

4) лицензиар тиісті келісуші мемлекеттік органнан өтініш берушінің лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауап алған;

5) өтініш берушіге қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған;

6) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған;

7) оған қатысты жеке сот орындаушысының лицензиясының қолданысы тоқтатылған не жеке сот орындаушысының лицензиясынан айырылған тұлғалар;

8) мемлекеттік немесе әскери қызметтен, құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органдардан немесе азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен теріс себептермен босатылған адамдар;

9) өтініш беруші лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған жағдайларда жүзеге асырылады.";

"Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына 1-қосымша осы тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидаларында:

"Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидаларына 1-қосымша осы тізбесінің 3-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Тізбесіне 1-қосымша
"Жеке сот орындаушысы
қызметімен айналысу құқығына
үміткер адамдарды
аттестаттаудан өткізу"

мемлекеттік көрсетілетін
қызметтің қағидаларына
1-қосымша

"Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе).

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Мемлекеттік қызметті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық әділет органдары көрсетеді.
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"Цифрлық Үкіметтің" веб-порталы: www.egov.kz , www.elicense.kz (бұдан әрі - портал).
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Тіркеген уақыттан бастап 15 жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысанын/мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны	Электронды (ішінара цифрландырылған) / түрде көрсетілетін композиттік қызмет.
5	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі	Аттестаттау/аттестаттамау туралы дәлелді шешім.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде алынатын төлемақы мөлшері	Алынбайды.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі	Жұмыс кестесі: 1) көрсетілетін қызметті беруші - демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 12.00-ден 13.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 08.00-ден 17.30-ға дейін; өтінімдерді қабылдау - 08.00-ден 17.30-ға дейін. 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік қызметті алуға өтінішті тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
		Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдардың

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін
құжаттар тізбесі

аттестаттаудан өтуге
Қағидалардың 2-қосымшасына
сәйкес электрондық құжат
нысанындағы өтініш. Көрсетілетін
қызметті алушының жеке басын
куәландыратын құжаты,
психикалық, мінез-құлықтық,
оның ішінде психикаға белсенді
әсер ететін заттарды тұтынуға
б а й л а н ы с т ы
бұзылушылықтарының (
ауруларының) себебі бойынша
психикалық денсаулық саласында
медициналық көмек көрсететін
ұйымдарда есепте тұрғандығы/
тұрмағандығы туралы
мәліметтерді көрсетілетін
қызметті беруші мемлекеттік
цифрлық жүйелерден "цифрлық
Үкімет" шлюзі арқылы алады.
Жеке сот орындаушысы
қызметімен айналысу құқығына
аттестаттаудан өту үшін
мүгедектігі бар адамдарға (көру,
есту, тірек-қимыл аппаратының
функциялары бұзылған) "
Медициналық-әлеуметтік
сараптама жүргізу қағидаларын
бекіту туралы" Қазақстан
Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары - Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау
министрінің 2023 жылғы 29
маусымдағы № 260 бұйрығымен (
Нормативтік құқықтық актілерді
мемлекеттік тіркеу тізілімінде №
32922 болып тіркелген) бекітілген
мүгедектікті белгілеу туралы
мәліметті өтініштерді беруді
қабылдаудың бағдарламалық
жасақтамасына жүктейді және
көру, тірек-қимыл аппаратының
функциялары бұзылған
мүгедектігі бар адамдар үшін
атқарушылық құжаттардың
орындалуын қамтамасыз ету
саласында қызмет атқармайтын
көмекшіні ұсыну қажет екенін
қосымша көрсетеді.

1) көрсетілетін қызметті
алушының мемлекеттік
көрсетілетін қызметті алу үшін
ұсынған құжаттарының және (

9	Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталғанда; 2) "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 140-бабының 2-тармағында белгіленген шектеулер анықталғанда. 3) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің " Жеке сот орындаушысында тағылымдамадан өту қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2019 жылғы 26 қарашадағы № 561 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19669 болып тіркелген) белгіленген талаптарға сәйкес келмегенде
10	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсы - www.adilet.gov.kz орналастырылған. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталда "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының және Бірыңғай байланыс орталығының телефондары арқылы алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурстарында көрсетілген, Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777. Көрсетілетін қызметті алушы " Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан

		өткізу" және "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру" композиттік мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық Үкімет" www.egov.kz веб-порталы арқылы электрондық құжат нысанында бір өтініш жолдайды.
--	--	---

Тізбесіне 2-қосымша
"Жеке сот орындаушысы
қызметімен айналысуға
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызметтің
қағидаларына
1-қосымша

"Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе)		
1	Қызметтің атауы	"Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру".
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы	Лицензияны қайта ресімдеу.
3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі.
4	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"Цифрлық үкіметтің" веб-порталы : www.egov.kz .
5	Мемлекеттік қызмет/кіші түрін көрсету мерзімі	Порталға жүгінген сәттен бастап жұмыс кестесін және құжаттарды қабылдау уақытын ескере отырып: лицензия беру кезінде 10 жұмыс күні; лицензияны қайта ресімдеу кезінде 20 (жиырма) минут.
6	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің/кіші түрінің нысаны	Электронды (ішінара цифрландырылған) / түрде көрсетілетін композиттік қызмет. Лицензияны қайта ресімдеу – электронды (толықтай цифрландырылған).
7	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің/ кіші түрінің нәтижесі	Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру, қайта ресімдеу, не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін ұсыну нысаны - электрондық.

		Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жолданады және сақталады.
8	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет/кіші түрі кезінде алынатын төлем	Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру және қайта ресімдеу үшін қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым 2025 жылғы 18 шілдедегі Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 616-бабына сәйкес алынады: 1) лицензия беру – 6 айлық есептік көрсеткіш; 2) лицензияны қайта ресімдеу – лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10%. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшін ақы төлеу қолма-қол және (немесе) төлемнің мөлшері мен күнін растайтын құжат (түбіртек) беретін екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, не ЭҰТШ арқылы қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша жүзеге асырылады.
9	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі	Жұмыс кестесі: 1) көрсетілетін қызметті беруші демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі- жұма аралығында сағат 08.00- ден 17.30 -ға дейін, сағат 12.00- ден 13.30-ға дейінгі түскі үзіліспен; өтінімдерді қабылдау - 08.00-ден 17.30-ға дейін. 2) портал - техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер

		туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтінішті қабылдау және нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
10	Мемлекеттік қызмет/кіші түрін көрсету үшін құжаттар тізбесі	Лицензия алу үшін: 1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші; 2) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес жеке сот орындаушысы қызметін жүзеге асыруға арналған талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны; 3) "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі; 4) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес прокуратура немесе тергеу органдарындағы жұмыс өтілін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі прокурор немесе тергеуші лауазымында кемінде бес жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, прокуратура және тергеу органдарынан босатылған адамдар үшін талап етіледі (теріс себептермен босатылғандарды қоспағанда). 5) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік органдардағы жұмыс өтілін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі, атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік органдарда кемінде екі жыл жұмыс өтілі болған адамдар үшін талап етіледі (теріс себептермен босатылғандарды қоспағанда). Лицензияны қайта ресімдеу үшін:

		1) Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысандағы өтініш; 2) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын және лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы мәліметтер мемлекеттік цифрлық жүйелерден алынады
11	Мемлекеттік қызмет/кіші түрін көрсетуден бас тарту үшін негіздер	Лицензияны беруден бас тарту үшін негіз, егер: 1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынса; 2) лицензиялық алым енгізілмеген ; 3) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмесе; 4) лицензиар тиісті келісуші мемлекеттік органнан өтініш берушінің лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауап алса; 5) өтініш берушіге қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болса; 6) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салса; 7) жеке сот орындаушысының лицензиясының қолданылуы тоқтатылған не жеке сот орындаушысының лицензиясынан айырылған тұлғалар; 8) мемлекеттік немесе әскери қызметтен, құқық қорғау органдарынан немесе арнаулы мемлекеттік органдардан, азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен теріс негіздер бойынша босатылған адамдар; 9) өтініш беруші лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және (

		немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталса.
12	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің/ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің ерекшеліктерін ескере отырып өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталда "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефондары арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің байланыс телефондары 8 (7172) 74-06-23. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777. Көрсетілетін қызметті алушы " Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" және "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру" композиттік мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге " цифрлық үкімет" www.egov.kz веб-порталы арқылы бір өтінішті жолдайды.

Тізбесіне 3-қосымша
"Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидаларына
1-қосымша

"Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе)		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Мемлекеттік қызметті атқарушылық әрекеттердің жасалу орны бойынша аумақтық әділет органдары көрсетеді.

2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру: 1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы; 3) "цифрлық үкімет" www.egov.kz веб - порталы арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері	3 (үш) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны/Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі	Электронды (ішінара цифрландырылған) / қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі	Сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы немесе атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тарту туралы қаулысы.
6	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезінде алынатын төлем	Алынбайды.
		Жұмыс кестесі: 1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 12.00-ден 13.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 08.00-ден 17.30-ға дейін. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру - сағат 12.00-ден 13.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 08.00-ден 17.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын - ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі; 2) Мемлекеттік корпорация – дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету

7	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі	бөлімдерінің кезекшілері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін. Қабылдау атқарушылық әрекеттерді жасау орны бойынша "электрондық" кезек тәртібімен жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, портал арқылы электрондық кезекті брондауға болады, рәсімдеу уақыты 15 минуттан аспайды, күту уақыты 15 минуттан аспайды; 3) портал - жөндеу жұмыстарының жүргізілуімен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Заңға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтінішті қабылдау және нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттар тізбесі	Қағидаларға 2, 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атқарушылық құжатты жазып беру және мәжбүрлеп орындауға жолдау, атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы өтініш. Атқарушылық құжат. Жеке куәлік не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін). Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды "цифрлық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе "цифрлық үкімет" веб-порталының хабарламасына

		жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталғанда; 2) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 38-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.
10	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып өзге де талаптар	Денсаулығы бұзылған, ағза функцияларының тұрақты бұзылуымен тыныс-тіршілігі шектелген мемлекеттік қызметті алушыға қажет болған жағдайда Мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды мемлекеттік корпорация қызметкері тұрғылықты жеріне барып, бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777 арқылы жүгіну арқылы жүргізеді. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің интернет ресурсында және Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz орналастырылған. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде бірыңғай байланыс орталығы арқылы 1414, 8 800 080 7777 алады. Цифрлық құжаттар сервисі мобилді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді

	Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік паролді пайдалана отырып, мобилді қосымшада авторизациялаудан өту, одан әрі "цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет.
--	---

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2026 жылғы 10 тамыздағы
№ 766 бұйрығына
қосымша

Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер тұлғаларды аттестаттау бойынша комиссия туралы ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 қарашадағы № 599 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12347 болып тіркелген).

2. "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер тұлғаларды аттестаттау бойынша комиссия туралы ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 қарашадағы № 599 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2019 жылғы 4 қарашадағы № 529 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19575 болып тіркелген).

3. "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер тұлғаларды аттестаттау бойынша комиссия туралы ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 қарашадағы № 599 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 2 қарашадағы № 531 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21578 болып тіркелген).

4. "Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2026 жылғы 22 маусымдағы № 588 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 39031 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Әділет министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесінің 4-тармағы.